

показывает практика, использование активных методов в школьном обучении является необходимым условием для качественного образования и приводит к положительным результатам: они позволяют формировать знания, умения и навыки учащихся путем вовлечения их в активную учебно-познавательную деятельность, учебная информация переходит в личностное знание учащихся.

Таким образом, можно сделать вывод, что интерактивное обучение и использование активных методов обучения – это сложная интегрированная технология обучения, позволяющая организовывать многоаспектное и полифункциональное взаимодействие субъектов образовательного процесса.

#### **Список литературы:**

1. Руководство для руководителя общеобразовательной организации Республики Казахстан. – Астана, АОО НИШ // [www.cpm.kz](http://www.cpm.kz) Издание первое. -28 с.
2. Всемирный конгресс по открытым образовательным ресурсам (ООР) (2012 г.) ЮНЕСКО, Париж, 20-22 июня 2012 г.
3. Гуслова М.Н. Инновационные педагогические технологии. –М., Академия, 2013. -288 с.
4. Панфилова А.П. Инновационные педагогические технологии: Активное обучение. – М., Академия, 2013.-192 с.

**Пазылова Алтынай Абуовна**

«Сырдария» университеті, магистр, аға оқытушы

**Р.Шаукатова, М.Тиллабаева, Г.Байток**

«Сырдария» университеті, «Шет тілі: екі шет тілі» мамандығының студенттері  
ОҚО, Жетісай қаласы

### **ДИАЛОГ СӨЗДЕРДЕГІ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ЖӘНЕ РЕПЛИКА**

#### **АННОТАЦИЯ**

*Бұл мақалада диалог-әңгіменің лингвистикалық ерекшеліктері қарастырылып, оның түрлі сипаты айқындалады. Ауызша сөздің лингвистикалық сипаттары, сөйлеу дағдысы, сондай-ақ ауызша сөз белгілі бір шартқа байланысты нақты жағдайларда өтетеді.*

*Диалог-әңгіменің синтаксистік құрылымы, олардың репликамен байланысының орны қарастырылады.*

**Түйінді сөздер:** коммуникация, реплика, лингвистикалық ерекшеліктер, диалог.

#### **АННОТАЦИЯ**

*В данной статье рассматривается характер и лингвистические особенности диалога-беседы. Лингвистические особенности устной речи, навыки коммуникации осуществляются с участием не менее двух людей в обусловленных обстоятельствах. Также рассматривается синтаксическая структура диалога-беседы, его роль и связь с репликой.*

**Ключевые слова:** коммуникация, реплика, лингвистические особенности, диалог.

#### **ABSTRACT**

*This article discusses and determines the character and linguistic peculiarities of dialogue, conversation. The linguistic features of speech, communication skills are carried out with the participation of at least two people in due to circumstances. Also considered syntactic structure of dialogue, conversation, its role and relationship with the replica.*

**Keywords:** communication, replica, linguistic exclusion dialog.

Шетел тілінде диалог сөзге үйрету мәселесін көтергенде лингвистика ғылымына баса назар аудаған жөн. Өйткені, лингвистика тілдің нормасын, яғни сөйлегенде қолданылатын тілдік құралдардың пайдалануын, оның ережелерін, қолдану тәртібін, тілдегі стильдік

құлардарды, оның дыбыстық, морфологиялық, синтаксистік және т.б. жақтарын қарастырады.

Адамдар өзара қарым-қатынасқа түсу үшін тілді пайдаланады, тілдің көмегімен коммуникация жасайды.

Адамның еңбек және әлеуметтік әрекетіндегі мінез-құлқына байланысты ойлау мазмұны тілде көрініс табатындықтан, тіл қоғамдағы коммуникацияның барлық түрін қамтитын глобалды құбылыс ретінде қарастырады. Ал коммуникация – ой алмасу, ақпарат алмасу немесе басқаша айтқанда, адамның еңбек және әлеуметтік әрекетіндегі практикалық және теориялық сұранымдарын қанағаттандыратын қарым-қатынас деп көрсетеді Г.В.Колшанский [1].

Ауызша коммуникация кем дегенде екі адамның қатысуымен жүреді: сөйлеуші және тыңдаушы. Сонымен бірге ауызша әңгімеге қатысушылардың қызметі бұл әрекетте түрлі сипатпен жүзеге асады. Ауызша сөздің лингвистикалық ерекшеліктері сөйлеу дағдысына, сондай-ақ ауызша сөз белгілі бір шартқа байланысты нақты жағдайларда өтеді, сөйлеуші де, тыңдаушы да әңгіменің мазмұнымен байланысты жағдайларды толық түсінуге тырысады. Әдетте ғалымдар ауызша сөзге табиғаты жағынан диалог сөзді сай деп көрсетеді де, оны ауызша сөздің негізгі түрі деп есептейді.

Диалог сөз тілдік маңыздылығы толық түрде көрінетін тілдік қарым-қатынастың бір түрі. Диалог сөздің маңыздылығын В.Д.Девкин тілдік жүзеге асыратын басты форма ретінде түрлі айтылымдардың өзара коммуникативтік ерекше біріккен әрекеті екендігінде көрсетеді. Сонымен бірге ғалымның пікірінше, диалог ең алдымен ақпараттардың алмасуы, бір сөйлеуші оны жіберсе, келесі сөйлеуші қабылдайды. Бұл екеуі де қажеттілікті қанағаттандыруға, белгілі бір мақсатқа қол жеткізуге тырысады.

Диалог әңгіменің тікелей тақырыбымен шектелмеген, ондағы әрбір айтылған сөз келесі сөйлеушіге бағытталған ауызша қарым-қатынастың бір түрі, деп көрсетеді О.С.Ахманова[2].

Диалогта сөйлеуші тыңдаушыдан өзіне қажетті істі орындауын өтінсе, ал ол өз кезегінде әріптесінің өтінішін орындауға дайын екендігін білдіреді. Сөйлеудің бұл түрінде әрбір айтылған пікір келесі сөйлеушіге бағытталады. Диалогта көтеріліп отырған тақырыпты ашу үшін ұдайы жұмыс жүреді және оған қатысушылардың түрлі көзқарастары, олардың өзара сәйкес келуі немесе керісінше бір-біріне қарама-қайшы болуы және т.б. жайттар кездеседі. Әңгіме басталған соң оған қатысушыларда екі бірдей міндет болады, біріншіден, сөйлеуші өз белсенділігін көрсетіп қарым-қатынасқа жаңа тақырып ұсынса, екіншіден, әріптестің көңілін оған аудару білу қажет. Диалог әңгімелесушілердің өзара біріккен әрекетінің жиынтығы, ол сөйлеу мен тыңдау түсінудің өзара алмасып отыруын көрсетеді; сонымен бірге сөйлеушінің бірінен берілген тілдік түрткі келесі сөйлеушіден шапшаң және міндетті түрде тілдік немесе тілдік емес жауап (реакция) талап етеді.

Диалог кейбір құрылымдық-семантикалық қасиеттерімен ерекшеленеді, ол өзіне тән ішкі заңдылықтарына байланысты құрылады. Н.Ю.Шведова диалогты өзара байланысқан элементтер негізінде жүретін акт деп көрсетеді [3]. Ол репликаларды диалогтың ең алғашқы элементтері ретінде қарастырады. Диалог сөздегі әрбір реплика өзінен кейін жауап репликаның болуына ықпал жасайды, және оны жеңілдетіп кейбір тілдік емес құралдардың болуын қамтамасыз етеді. Репликалардың бұл екі түрінің бір-бірімен байланыстылығы сонша, олардың бірі екіншісінің тууына себепкер болып отырады, яғни қозғаушы реплика әрқашан жауап репликаны тудырады, қозғаушы реплика болған кезде оған жауап реплика туу керек. Ал жауап реплика қозғаушы репликасыз жеке тұрса ол түсініксіз болып шығады. Бұл аралас екі реплика диалог сөздің күрделі коммуникативті бірлігі ретінде қарастырылады. Тек мағынасы жағынан ғана емес, сонай-ақ құрылымы жағынан да өзара байланысты мұндай аралас репликалар үйлестігін тіл мамандары диалогтық бірлестік деп атайды.

1. Екі мүшелі диалогтық бірлестік:

а) ақпарат сұрау-ақпарат беру.

ә) ақпарат беру-берілген ақпаратты растау немесе оған күмәндану.

2. Үш мүшелі диалогтық бірлестік:

- а) сұрақ-жауап (қарсы сұрақ)
- ә) растау-күмәндану немесе мақұлдау.
- б) растау-қарсылық білдіру немес келісу.

Диалогтық бірлестікке кіретін реакциялар мынадай болуы мүмкін. Мысалы, біреуді қонаққа (киноға, театрға) шақыру-шақыруда қабылдау немесе қабылдамау.

- Біреуді бір нәрсемен құттықтау-оған алғыс білдіру.
- Біреуге бір нәрсе туралы айту-ол айтылғанға өз пікірін білдіру.
- Біреуден біл мәлімет сұрау-мәлімет беру.

Бұл мәселемен шұғылданған ғалымдар реплика типтерін олардың семантикалық қызметіне, коммуникативтік бағытына, синтаксистік құрылымына және лексикалық құрылымына байланысты ажыратады. Олар әрбір репликаны белгілі бір грамматикалық, интонациялық құрылымды және лексикалық толықуды, оның жағдаятты (ситуативтік) бағытын бейнелеуге болатынын көрсетеді. Реплика, өзіміз жоғарыда талқылап кеткеніміздей, диалогтың ерекшелігін бейнелейтін оның алғашқы элементі, алайда диалогты репликаға орай сипаттау оның грамматикалық құрылымдық тұрғыдан ұйымдасуын ашпайды. Синтаксистік құрылымы жағынан диалог тек бір текті емес, көптеген репликалар мағыналық жағынан және формасы тұрғысынан әр алуан болады, олар синтаксистік құрылымы жағынан бір біріне тәуелсіз. Әрбір диалогтық бірлестік үшін олардың репликаларының мағыналық байланыста болуы маңызды. Әрбір фразда белгілі бір логикалық контекст бар және онда кез-келген айтылымды ғана емес, логикалық тұрғыдан негізделген айтылымды қамтитын ситуативтік алқап болады. Н.Ю.Шведова мұндай байланысты, яғни соңғы репликаның алғашқы репликамен байланыстылығын төмендегідей көрсетеді: алғашқы реплика құрамы ойдың барлық элементтерінің көрінуі тұрғысынан толық емес, оны екінші реплика толықтырады. Мысалы:

-Сен қашан келесің?

-Ертең

Екінші репликаның алғашқы репликамен тілдік тұрғыдан байланысының келесі түрі мына жағдайда көрінеді. Кейінгі реплика өзінің құрамында алғашқы репликаны толық немесе оның бір бөлігін міндетті түрде қайталай отырып, оған түрлі жауаптар береді, сөйтіп айтылған репликаны қайталау болып табылады. Сол себептен Н.Ю.Шведова мұндай репликаларды қайталаулар деп атайды. Қайталаулар естімей қалған жағдайда, айтылған репликаны түсінбей қалған жағдайда, әңгімені жалғастыуға деген ниет болмаған жағдайда туындайды. Қайталаулар диалог сөзге экспрессивтік, эмоционалды сипат береді. Эмоционалдық айтылымның коммуникативтік және мағыналық аспектісіне оның құрамдас бөлігі ретінде кіреді. Алайда лингвистика үшін нақты эмоцияның көрінуі емес, оның сөзге қандай құралдармен берілуі маңызды. Сондай-ақ лингвистикалық әдебиеттерде диалог сөзге мынадай ерекшеліктер тән деп көрсетіледі: диалог сөзінің жүйесінің аз өңделуімен, көлеміндегі қатандықтың шектелуімен ерекшеленеді. Диалогта бір нәрсені айтып жеткізу ниеті көрінеді. Диалогтық қарым-қатынас шартында жеке адамның тілдік көрінісі оның өз сөзін айту үшін таңдап алған тілдік құралы бірнеше факторларға байланысты болады. Біріншіден, диалог сөздің тікелейлігін, екі жақтылығын, спонтандылығын, жағдаяттылығын айта кету керек. Диалог сөздің спонтандылығы оның тікелейлігіне әкелсе, ал ол диалогтың құрылысын күрделендіреді. Диалог сөз стилистикалық ерекшелігімен, эмоционалдық тұрғыдан өңделуімен, лексикалық ерекшелігімен, грамматикалық конструкциясымен және интонациясымен сипатталады. Сөзге тән келтелік, синтаксистік жеңілдік, предикативтілік диалогтың ерекшелігін анықтайды. Диалог сөз тілде лексика-грамматикалық құралдар арқылы жүзеге асады. Онда бұйрық рай үстемірек болады, жалпы түрлі сұрақтар, еліктеу формалары, сондай-ақ ситуативтік сөздің басқа да құралдары болады. Онда сөздер басқаша іріктелінеді, дыбыстардың айтылуы анық емес, жай сөйлемнің грамматикалық ережеден ауытқуы кездеседі. Диалогқа құрылымы жағынана қарапайым, аз сөзден тұратын сөйлемдер тән.

### Әдебиеттер тізімі:

1. Колшанский Г.В., Контекстная семантика, М.: Издательство «Наука», 1980. — 154 с.
2. Ахманова О.С., Словарь лингвистических терминов, Москва Книга по требованию, Издательство «Советская энциклопедия», 1966.- стр 132.
3. Шведова Н.Ю., Вопросы языкознания, Выпуски 1-6, Изд-во Академии наук СССР, 1986.
4. Ипполитова Н.А., Риторика. Учебник, "Издательство "Проспект".
5. Ибраева Ж.Қ., Психоллингвистика негіздері, *Оқу құралы*, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2009, <http://iskernews.kz/psiholingvistika-neyzdery/>.

**Пархаева Екатерина Александровна**  
учитель физики и технологии  
Карасуский район  
ГУ «Челгашинская средняя школа»

## ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ИННОВАЦИОННЫХ ФОРМ И МЕТОДОВ В ПРОЦЕССЕ ОБУЧЕНИЯ

### АННОТАЦИЯ

*Осы мақалада мұғалім оқушылардың физика және технология сабақтарында жұмыстың ұйымдастыру әдісі мен түрлерін суреттейді. Оқушылардың физикалық және техникалық білімнің қалыптасу барысында білімнің жаңа мазмұндамасы, проблемалық тәлім-тәрбие, жобалық, ізденушілік технологиялар қолданылады, сын тұрғысынан ойлау.*

**Түйінді сөздер:** педагог, оқушы, инновация жаңартпа, технологиялар, мәселе, рефлексияның.

### АННОТАЦИЯ

*В данной статье автор описывает формы и методы организации работы учащихся на уроках физики и технологии. В процессе формирования физических и технических знаний и умений учащихся применяются технологии: новое содержание в образовании, проблемное обучение, проектная, исследовательская, критическое мышление.*

**Ключевые слова:** педагог, ученик, инновация, технологии, проблема, решение, рефлексия.

### ABSTRACT

*In this article, the author describes the forms and methods of the organization of work of pupils at physics and technology lessons. In the course of formation of the physical and technical knowledge and skills of students the teacher applies the next technologies: the new content in education, problem – based learning, project, research, information and communicative technologies, critical thinking.*

**Keywords:** teacher, pupil, innovation, technology, problem, decision, reflection.

« Нам необходимо создать ядро национального интеллекта, нам нужны эрудированные люди, способные конкурировать на международном уровне».

Н.А.Назарбаев

Сегодня школа динамично меняет свой облик. Это связано, прежде всего, с серьезными переменами в казахстанском образовании. Приоритетной ценностью системы образования становится предоставление ребенку возможности свободного выбора и индивидуального самовыражения. В качестве одной из задач выступает формирование у учащихся умения учиться. Современный этап развития образования характеризуется массовым внедрением информационных технологий в деятельность всех участников образовательного процесса. Информатизация является одним из основных факторов, заставляющих образование совершенствоваться. Развиваются содержание и методы обучения, меняется роль педагога, который постепенно превращается из транслятора знаний в организатора деятельности обучаемых по приобретению новых знаний, умений и навыков. [ 1, с. 154]

Важнейшим элементом инновационного процесса в образовании является исследование, которое требует создание адекватной среды и соответствующих условий.